

**Қазақстан Республикасы экология және  
табиғи ресурстар министрлігі**

**«Қазгидромет» РМК**



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №14  
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)**

**«24» мамырға 2024 ж.**

**(бюллетеннің әрекет ету аралығы «23» мамыр күні 20 сағаттан «24» мамыр күні 20 сағ. дейін 2024 ж.)**

***құрастырылған уақыты: 23.05.2024 ж.***

Мекен жайы : Астана қ., Мәңгілік ел, 11/1  
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Тойшыманова А.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Букабаева А.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: ugpastana@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-53-38	e-mail: seli@meteo.kz

**2024 жылғы «24» мамырға  
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

<b>Іле Алатау</b>	Күндіз жаңбыр, биік таулы жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) (1-14 мм), кей жерлерде найзағай. Батыстан, солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. <b>2000 м:</b> ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 13-18 градус жылы. <b>3000 м:</b> ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 8-13 градус жылы.
<b>Күнгей Алатау</b>	Күннің соңында кей жерлерде жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Шығыстан, оңтүстік-шығыстан жел соғады 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 17-22 градус жылы.
<b>Теріскей Алатау</b>	Күннің соңында кей жерлерде жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Шығыстан, оңтүстік-шығыстан жел соғады 9-14 м/с, күндіз 15-20 м/с жел екпіні болуы мүмкін. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 18-23 градус жылы.
<b>Жетісу Алатау</b>	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. <b>2000 м:</b> ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 9-14 градус жылы. <b>3000 м:</b> ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 7-12 градус жылы.
<b>Қырғыз Алатау</b>	Жаңбыр, күндіз кей жерлерде қатты жаңбыр (2-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Солтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, күндіз екпіні 25 м/с. Ауа температурасы түнде 6-12, күндіз 16-21 градус жылы болады.
<b>Талас Алатау (Жамбыл облысы)</b>	Жаңбыр, күндіз кей жерлерде қатты жаңбыр (2-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Солтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, күндіз екпіні 25 м/с. Ауа температурасы түнде 6-12, күндіз 16-21 градус жылы болады.
<b>Талас Алатау (Түркістан облысы)</b>	Таңертең және күндіз жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 11-16 градус жылы болады.
<b>Өгем жотасы</b>	Таңертең және күндіз жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 8-13, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 15-20 градус жылы болады.
<b>Маңғыстау таулары</b>	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-6 мм), найзағай. Жел солтүстік-шығыстан, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 21-26 градус жылы.
<b>Сауыр</b>	Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-шығыстан соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 18-23 градус жылы.
<b>Тарбағатай</b>	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-шығыстан соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 22-27 градус жылы.
<b>Қазақстандық Алтай</b>	Жауын-шашынсыз. Түнде кей жерлерде тұман. Жел оңтүстік-шығыстан соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, кей жерлерде 4, күндіз 20-25, кей жерлерде 14 градус жылы.

## **2024 жылғы 23 мамырдағы жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу**

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде жауын-шашын салдарынан, су деңгейінің көтерілуі бақыланды. Алматы қ. – Кіші Алматы ө., Проходной ө. сағасынан 2 км жоғары – Үлкен Алматы ө., сағасы – Проходная ө. және Қаскелен қ. – Қаскелен ө. гидрологиялық бекеттерінде су деңгейі 3 см-ге дейін көтерілді. Температуралық фон 1 °С мәңнен 13 °С оң мән аралығында. 23 мамыр күні сағат 5-те нөлдік изотерма 3760 м биіктікте болды.

**2024 ж. "23" мамырдағы  
Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер**

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, Мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м <sup>3</sup> /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лайлылық
				Макс. 22.05	Мин. 23.05	08 сағ. 23.05	Күндіз 22.05	Түнде 23.05	Орт. 22.05	08 сағ. 23.05	Орт. 22.05	Макс. 22.05	08 сағ. 23.05		
1	Кіші Алматы	Мыңжылқы МС	3017	8.2	1.6		0.6	1.4							*
2	Кіші Алматы	Мыңжылқы ГБ	3017			3.0			263	262				0	*
3	Кіші Алматы	Тұйықсу а/б ГБ	2466			7.0			556	555				-2	*
4	Кіші Алматы	Шымбұлақ МС	2200	12.6	5.5		2.8	2.2							*
5	Кіші Алматы	Сарысай ө. сағасынан төмен ГБ	1928			9.0			273	273	2.06	2.06	2.06	0	*
6	Кіші Алматы	Медеу ГБ	1700			10.0		4.0	121	120				0	*
7	Батарейка	Просвещенец д/ү ГБ	1569			9.0			67	67	0.52	0.52	0.52	0	0
8	Кіші Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			12.0			196	197	3.22	3.30	3.48	+2	*
9	Бұтақ	Бұтақ а. ГБ	1475			12.0			261	261				-1	0
10	Үлкен Алматы	Көлден 1.1 км биіктіктегі ГБ	2654			4.0			314	313	2.14	2.36	1.93	0	*
11	Үлкен Алматы	Проходной ө. сағасынан 2 км жоғары ГБ	1471			9.0			289	289				+1	*
12	Құмбел	сағасы ГБ	2150			7.0			91	91				0	*
13	Проходная	сағасы ГБ	1422			6.0			282	285	3.46	3.52	3.52	+1	0
14	Терісбұтақ	сағасы ГБ	1362			10.0			221	221	1.62	1.62	1.62	0	*
15	Қаскелен	Қаскелен қ. ГБ	1133			13.0		5.0	310	310	10.7	11.2	10.7	+2	*
16	Түрген	Таутүрген а. ГБ	1054			13.0			127	125	15.7	16.5	14.9	0	1
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			10.0		1.0	219	218				-1	*
18	Талғар	Талғар қ. ГБ	1199			12.0		1.0	203	203				0	*
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауындағы ГБ	2500	10.5	3.8				73	77				+6	*
20	Баянкөл	Баянкөл а. ГБ				10.0			127	117				-2	3
21	Көктал	Аралтөбе а. ГБ				9.0			276	276	39.6	39.6	39.6	0	*
22	Мерке	Ұлбутуй қыс. ГБ							136	132	8.92	9.15	7.69	-4	*

Ескертпе:

\* - деректер жоқ

## «24» мамырға 2024 ж.

## Қазақстанның таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктікте орналасақан. Ауа температурасы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі баяулайды. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 3760 м биіктікте болды. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдылығы жоғары. Күндіз жаңбыр, биік таулы жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) (1-14 мм), кей жерлерде найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Күнгей Алатауы	Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктікте орналасақан. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Күннің соңында кей жерлерде жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Теріскей Алатауы	
Жетісу	Жетісу Алатауы	Орта таулы аймақ негізінен қар жамылғысынан босанды. Қар жамылғысының еруі жалғасуда. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктікте орналасақан. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Жаңбыр, күндіз кей жерлерде қатты жаңбыр (2-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. <b>Қарқынды, ұзақ жауын-шашын жауған кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>
	Талас Алатауы	Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктікте орналасақан. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдылығы жоғары. Жаңбыр, күндіз кей жерлерде қатты жаңбыр (2-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. <b>Қарқынды, ұзақ жауын-шашын жауған кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>
Түркістан	Талас Алатауы	Маусымдық қар сызығы шамамен 3000 м биіктікте орналасақан. Биік таулы аймақта қар жамылғысының еруі жалғасуда. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдылығы жоғары. Таңертең және күндіз жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. <b>Қарқынды, ұзақ жауын-шашын жауған кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-6 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Орта таулы аймақ негізінен қар жамылғысынан босанды. Ауа температурасы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан қар жамылғысының еруі баяулайды. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс	Сауыр	Орта таулы аймақ қар жамылғысынан толығымен босанған жоқ. Ауа температурасы

Қазақстан	Қазақстандық Алтай	салыстырмалы түрде төмен болғандықтан қар жамылғысының еруі баяулайды. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
-----------	--------------------	--

**Сел қауіптілігінің деңгейі (5 Қосымша).**

**!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (6 Қосымша).**

## Сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Сел үдерісінің даму ықтималдылығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, сұйық жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығының жоғары мәндері</p>	<p>Негізгі өзен аңғарында сел үдерісінің даму ықтималдылығының жоғары болуы және негізінен таулардан шыға берісте сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында және таулардан шыға берісте орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне үлкен қауіптілік</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, болжанатын сұйық жауын-шашынның мөлшерінің жоғары мәндері</p>	<p>Селдің негізгі өзен аңғарына шығу ықтималдығы және онда сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне потенциалды қауіптілік</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Сел қалыптасуының потенциалды ошақтары болған кезде төмен таулы аймақтағы салыстырмалы түрде төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығы</p>	<p>Селдің пайда болу ықтималдығы шамалы</p>	<p>Төмен таулы аймақтағы селдің пайда болу аймағындағы адамдар үшін потенциалды қауіптілік</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның, сел пайда болу ошақтарының болмауы</p>	<p>Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	

**Ақпаратты пайдалану кезінде "Қазгидромет" РМК-ға сілтеме міндетті**

## **Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

### **Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері**

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

### **Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.